KASE

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ
ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ
ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАЛАР НАРЫҒЫ
ӘЛЕМДІК НАРЫҚ



# KASE АПТАЛЫҒЫ

16–20 Ақпан, 2026

## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE "MOST" МҚҰ" ЖШС" арналған Эмитент күнін " өткізді.
- KASE ресми тізіміне "НАВАХО" ЖШС KZ2P00017197 (NAVApp1) және "BASS Gold" ЖШС KZ2P00017288 (FPSTb8) облигациялары енгізілді.
- KASE-де Еуразиялық даму банкінің KZ2D00017209 (EABRb58), "Birinshi Lombard" ЖШС KZ2P00016397 (MFBLb8) және KZ2P00016405 (MFBLb9) облигациялармен сауда-саттық ашылды.
- "BASS Gold" ЖШС KZ2P00017130 (FPSTb7) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.
- "Alatau City Invest" АҚ-на "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-ның KZ000A0LE0S4 (HSBK) жай акциялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесі берілді.
- "Фридом Финанс" АҚ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі облигацияларының 20 шығарылымы бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесінен бас тартты.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 56,8 млн МЕУКАМ KZKD00001269 (MUM120_0020), 49,1 млн МЕОКАМ KZK200000778 (MOM060_0055) және 535,1 млн МЕККАМ KZK100000431 (MKM012_0162) орналастырды.
- "Garanti Leasing" ЖШС KZ2P00016264 (GLLKb1) облигацияларын орналастыра отырып, жазылым арқылы 50,0 млн теңге тартты.
- "MOST" МҚҰ" ЖШС KZ2P00016561 (MFSTb1) облигацияларды орналастыру арқылы 740,1 млн теңге тартылды.
- Еуразиялық даму банкінің KZ2D00017209 (EABRb58). облигацияларын орналастыру арқылы 48,0 млрд теңге тартты.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "ҚазТрансОйл" АҚ Мұнай сапасын онлайн-бақылаудың озық технологиясын енгізуде.
- "ҚазТрансОйл" АҚ Fitch Ratings агенттігі компанияның рейтингтік бағаларын растағаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- Kaspi.kz АҚ Moody's Ratings агенттігі компанияның рейтингтік бағаларын растағаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- "Онлайн Қазқаржы МҚҰ" АҚ өз бастамасы бойынша рейтингті қайтарып алғанын хабарлады.
- "Эйр Астана" АҚ FlyArystan басшылығындағы өзгерістер туралы хабарлады.
- "Teniz Capital Investment Banking" АҚ 2025 жылдағы қызметінің нәтижелері туралы хабарлады.
- "Бәйтерек" Ұлттық инвестициялық холдингі" АҚ Директорлар кеңесі қоғамның 46,8 млн жай акциясын орналастыру туралы шешім қабылдады.
- Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі BI Development Ltd. жеке компаниясының KZ2D00015369 (BIGDb10) және KZ2D00015427 (BIGDb12) облигациялары шығарылымдарының проспектісіне енгізілген өзгерістерді тіркеді.

| 20.02.2026 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 7 602,71 | 4,4 | 3,7 |
| | Бағасы | Δ 7к | Δ 1а |
| АО "Национальная атомная компания "Казатомпром" | 40 980,8 | 22,2 | 7,3 |
| AT&T Inc. | 28,0 | 19,7 | 18,5 |
| АО "Национальная компания "КазМунайГаз" | 24 620,0 | 13,2 | 10,8 |
| АО "Народный Банк Казахстана" | 396,0 | 6,7 | 8,8 |
| Pfizer Inc. | 26,5 | 5,4 | 3,5 |
| АО "КазТрансОйл" | 1 000,3 | 2,8 | 3,1 |
| NVIDIA Corp. | 188,2 | 0,6 | 4,5 |
| Apple Inc. | 261,3 | 0,3 | 3,8 |
| АО "Кселл" | 3 370,1 | -0,2 | 1,1 |
| АО "KEGOC" | 1 462,9 | -0,8 | -0,8 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 4 722,9 | -1,2 | 0,7 |
| АО "Казахтелеком" | 43 565,5 | -2,4 | -2,2 |
| АО "Эйр Астана" | 839,0 | -3,5 | -3,8 |
| Bank of America Corporation | 52,5 | -4,7 | -1,5 |
| Intel Corporation | 43,8 | -6,4 | -12,0 |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 202,7 | -7,5 | -15,0 |
| Tesla, Inc. | 415,0 | -8,2 | -2,9 |
| AO Kaspi.kz | 37 290,0 | -11,5 | -8,4 |
| AO "KM GOLD" | 58,5 | -11,8 | -9,8 |
| Freedom Holding Corp. | 118,0 | -12,0 | -7,1 |
| Microsoft Corporation | 402,5 | -14,3 | -11,8 |
| AO "ForteBank" | 15,1 | -16,3 | -9,5 |
| PayPal Holdings Inc. | 41,8 | -26,2 | -25,1 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

## KASE Индексінің акциялары




## Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі




KASE жергілікті индексі 1 % төмендеп, аптаны 7 602,71 тармақ деңгейінде жапты. Индекстік қағаздардың басым бөлігі қызыл аймақта сатылды.

Мұнай саласының акциялары үздік динамиканы көрсетті. ҚазТрансОйл қағаздары 2 % қымбаттады. Компания нақты уақыт режимінде оның сапасын үздіксіз бақылау үшін мұнайға хлорид тұздарының ағындық анализаторын енгізу жөніндегі жобаны іске асыруға кірісіп жатқанын хабарлады. ҚазТрансОйл ақпараты бойынша, тұздардың шоғырлануын онлайн-бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу мұнай құбыры жүйесін пайдаланудың сенімділігін арттыруға және мұнайдың нормативтік құжаттардың талаптарына тұрақты сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, адам факторының әсерін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі компанияның "BBB" деңгейіндегі кредиттік рейтингін, "Тұрақты" болжамын растады. Мұнай-газ секторының тағы бір өкілі – ҚазМұнайГаз акциялары бағасына 0,1 % қосты.

Қаржы секторы өкілдерінің қағаздары аптаны көп бағытты аяқтады. Halyk Bank-тің жай акциялары 0,3 % өсті, ал ЦентрКредит Банкінің және Kaspi.kz жай акциялары 1 % арзандады. Moody's Ratings халықаралық рейтинг агенттігі компанияның ұзақмерзімді шетелдік және ұлттық валютадағы рейтингтерін "Baa3" деңгейінде растады, болжам "Тұрақты".

Апта қорытындысы бойынша Қазатомөнеркәсіп акциялары әлемдік нарықтардағы уран бағасы бір фунт үшін 89 долларға дейін өскеніне қарамастан, бағасынан 1 % жоғалтты.

Ақша нарығында біркүндік TONIA репосын тарту мөлшерлемесі Апта қорытындысы бойынша жылдық 17,07 %-ға дейін өсті. Біркүндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 13,20 %-ға дейін төмендеді.

## Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




## ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері




## Тәуекелсіз қисық кірістілігі



Қаңтар айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 501,24 теңгеге дейін 0,9%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа бір күндік көлемі бір айда 359 млн АҚШ долларынан 306 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5,8 млрд АҚШ долларын құрады.

Қаңтар айында Ұлттық қордан 350 млн АҚШ долларында валюта сатылды, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 6%-ын құрады немесе ол – күніне 18,5 млн АҚШ долларынан аспайтын мөлшер.

Күтілетін фискалдық түсімдерді ескергенде, Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша ақпан айында республикалық бюджетке трансферт бөлуге Ұлттық Банк Ұлттық қордан 350 млн АҚШ долларынан 450 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатылады деп болжайды.

Қаңтар айында айналау операциясы аясында 350 млрд теңге алынды. Ақпанның ішінде осы мақсатта 350 млрд теңге баламасында валюта сату күтіледі.

Ұлттық қор қаражатымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ айналау тетігін іске асыру кезінде Ұлттық Банк нарықтың бейтарап қағидатын сақтайды, бұл шетел валютасын тұрақты және біркелкі сатуды білдіреді.

Ұлттық Банк қаңтарда валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Өткен айдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінде валюталық түсімінің бір бөлігін міндетті сату нормасы аясында валюта түсімін сату көлемі шамамен 206 млн АҚШ долларын құрады.

Осыған дейінгі жоспарға сәйкес, БЖЗҚ валюталық активтердің үлесі 40%-дан асатынын ескергенде, Ұлттық Банк қаңтар айында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алмады. Ақпанда да валюта сатып алуға қатысты жоспар жоқ.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.25)**




| | Цена | Δ 7д, % | Δ 30д, % | Δ 2024, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 666,50 | -1,33 | -3,46 | 0,10 |
| USDKZT | 494,66 | -0,27 | -3,53 | -6,56 |
| EURKZT | 581,87 | -1,04 | -3,06 | 5,52 |
| CNYKZT | 71,61 | -0,26 | -2,81 | -1,27 |
| RUBKZT | 6,43 | 0,16 | -2,00 | 27,86 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 6 909,51 | -0,8 | 0,5 | 12,9 | 1,1 |
| Dow Jones | 49 625,97 | 0,9 | 1,1 | 12,3 | 0,2 |
| РТС | 1 141,28 | 5,9 | 1,4 | -2,6 | |
| ММВБ | 2 780,60 | 3,1 | 0,4 | -15,6 | |
| Hang Seng | 26 413,35 | -1,6 | -0,6 | 17,0 | -0,4 |
| SS CSI 300 | 4 660,41 | -2,1 | -1,3 | 18,6 | 0,0 |
| Euro Stoxx 50 | 6 131,31 | 1,7 | 4,2 | 12,3 | 2,3 |
| FTSEuroFirst | 6 940,50 | 2,6 | 4,4 | 15,7 | 2,4 |
| FTSE 100 | 10 686,89 | 5,4 | 5,4 | 23,4 | 2,6 |
| KASE | 7 602,71 | 4,4 | 3,7 | 35,1 | |

## Шикізат нарығы 20.02.2026

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 71,76 | 9,6 | 10,0 | -6,2 |
| Мұнай (WTI) | 66,39 | 8,6 | 9,5 | -8,5 |
| Табиғи газ | 3,05 | -10,9 | -37,5 | -26,6 |
| Мыс | 583,90 | -2,9 | 1,2 | 26,6 |
| Темір | 808,00 | -2,9 | 0,2 | -2,5 |
| Алтын | 5 107,45 | 11,4 | 5,7 | 73,7 |
| Күміс | 82,34 | -4,6 | -11,1 | 145,9 |
| Астық | 573,50 | 12,3 | 12,9 | -2,0 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық уақиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 24.02 | Тұтынушылардың сенім индексі CB (ақпан) | USD | 87,6 | 84,5 |
| 25.02 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қаңтар) | EUR | 1,7% | 1,7% |
| 25.02 | Шикі мұнай қоры | USD | | -9,014M |
| 26.02 | Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғаш рет берілген өтінімдердің саны | USD | 216K | 206K |
| 27.02 | Өндірушілердің баға индексі (PPI) (а/а) (қаңтар) | USD | 0,3% | 0,5% |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 12,2% | 01.02.26 | 12,3% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 71,6 | 01.02.26 | 65,4 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 15 273,8 | 01.02.26 | 15 678,7 |
| Ақша масса, млрд KZT | 50 734,4 | 01.02.26 | 52 751,7 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-/A-3 позитивті | 20.02.26 | BBB-/A-3 позитивті |
| Moody's | Baa1/тұрақты | 01.10.25 | Baa2/позитивті |
| FitchRatings | BBB/тұрақты | 15.07.25 | BBB/тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, A15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат

**Тел.:** +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28




Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2026